

ӘОЖ 821.512.122 (092)

Колжазба күкүшінде

ИМАХАНБЕТОВА РАЙХАН САХЫБЕКҚЫЗЫ

**Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы
(мұрағат деректері негізінде)**

10.01.02 – Қазақ әдебиеті

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2006

Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әдебиет
теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінде орындалды

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының
докторы **А.С.Ісімақова**

Ресми оппонеттер: филология ғылымдарының
докторы **С.Дәуітұлы**

филология ғылымдарының
кандидаты **Ө.Әбдіманұлы**

Жетекші ұйым: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті

Диссертация 2006 жылдың «____» сағат ____ -де Қазақстан
Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты жанындағы филология ғылымдарының докторы
ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 53.34.01 Диссертациялық кеңесінің
мәжілісінде өтеді. Мекен-жайы: 050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі,
29-үй.

Диссертациямен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Орталық ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Автореферат «____» 2006 жылы таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым-хатшысы міндетін атқарушы,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

С.С.Корабай

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. XX ғасырдың ұлы реформаторы, қоғам қайраткері, қазақ әліпбі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, түркітанушы, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетін (1913-1918) ұйымдастырушы, шығарушы әрі бас редакторы, саяси қуғын-сұргін құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) ғасыр басындағы қазақ ұлттық ғылымын қалыптастырған тарихи тұлға.

А.Байтұрсынұлы қазақ елін билеген Ресей патшасының отаршылық саясатына қарсы көзқарасы үшін 1908 жылы 26 қарашада Қарқаралы абақтысына, 1909 жылы 1 шілде Семей түрмесіне қамалады [1; 2]. 1910 жылы Қазақ жерінде тұруға тыйым салынып, Орынбор қаласына жер аударылады [3]. Халық комиссарлары советінің ОГПУ-ы 1929 жылы 2 маусымда Қызылордада үшінші рет тұтқындалап, бас бостандығынан 10 жылға айырады [4]. Қызыл крест қоғамының көмегімен босатылып, 1934 жылы Алматыға оралады. НКВД-ның мәліметі бойынша 1937 жылы 11 тамызда төртінші рет қайта ұсталып, сол жылы 8 желтоқсанда атылады [5]. Кеңес үкіметі 1937-1988 жыл аралығына дейін А.Байтұрсынұлы туралы айтуда тыйым салды.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты 1988 жылы 4 қарашада «жазықсыз жалаға ұшырап, саяси репрессияның құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлының нақтырақ, атақты «он төрттің» тергеуін қайта қарап, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан тергеу барысы тоқтатылсын» деген шешім шығарды. А.Байтұрсынұлының ақталуы жөніндегі анықтама (№11/2нкр 19/18) сол жылдың 21 қарашасында Шолпан Ахметқызына тапсырылған. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бюросы «М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауитовтың творчестволық мұрасы туралы» қаулы қабылдайды. 1988 жылдың 28 желтоқсанында «Социалистік Қазақстан» газетінде қаулы қорытындысы жарияланды. Онда: «...олардың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы мақалалар сериясын жариялау, таңдамалы шығармалары мен ғылыми еңбектерін әзірлеу, басып шығару қажеттілігі» атап көрсетілген.

1989 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты тарапынан Ә.Шәріпов, С.Дәуітовтың құрастыруымен «Ахмет Байтұрсынов шығармалары: Өлендер, аудармалар, зерттеулер» атты жинақ бүгінгі қазақ әрпімен басылым көрді. Алғы сөзін Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Ш.Қ.Сәтбаева жазған. Бұл ғалым аты ақталғаннан кейінгі басылым көрген бірінші кітап [6].

1991 жылы «Ақ жол: Өлендер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалары» атты жинақ қайта басылды. Құрастырған, алғы сөзін жазып, баспаға әзірлеген Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Р.Нұрғалиев [7].

1992 жылы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының жетекшілігімен «Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері)» атты жинақ басылды. Жалпы редакциясын филология

ғылымдарының докторлары, Ғылым Академиясының корреспондент мүшелері Р.Сыздықова мен Ш.Сарыбаев басқарған. Құрастырып, библиографияны жасағандар: Ғ.Әнесов, А.Мектепов [8].

Осы алғашқы басылымдар ғалымның өмірбаяны мен шығармаларын толық қамтыды деп айтуда болар еді. Дегенмен, қазақ ұлттық ғылымының көшбасшысы ресми тұрғыдан ақталғанына едәуір уақыт өтсе де, тарихи тұлғаның өмірбаяны және шығармашылығын тұтас қамтитын арнайы зерттеудің күні бүгінге дейін жоқ екені ақиқат. Бұл диссертациялық зерттеу сондай олқылықтың орнын толтыру мақсатымен жазылыш отыр.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Диссертациялық жұмыс тарихи тұлғаның қылышы өмірнамасын хронологиялық ретпен жүйелі саралап, оның ғылыми еңбектерінің жазылу кезеңін мұрағат құжаттары негізінде тұңғыш рет айқындал қарастырады. Қазақ ұлттық ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан А.Байтұрсынұлының орасан үлесін кеңес үкіметі «халық жауы» деп мансұқтағанымен, ғалым еккен дәннің тамыры тереңге кеткенін, яғни, қазақ ғылымының кешегі – бүгінгі – ертеңгі ұрпаққа жалғасты екенін өмір талқысы дәлелдей отыр.

Қазіргі күні соны арнаға бет алған ахметтану ғылымының іргетасы – А.Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңдердің терең, жан-жақты зерттелініп, ғылыми пайымдалған өмірбаянынан бастау алатыны да анық. Сондықтан «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде)» атты еңбектің зерттеу нысанасына айналуы заңды құбылыш.

1929, 1937 жылдары «қара тізімге» ілініп, қасақана жау саналып келген А.Байтұрсынұлының ардақты есімі және оның қазақ әліпбі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану, көсемсөз мұралары қайта зерттеу нысанына айналып, әдебиеттану ғылымының бүгінгі талаптары бойынша қайта қарастырылды.

Қайта басылым көрген туындылардың мәтіндері мұрағаттағы араб харпінде жазылған түпнұсқаларымен салыстырылып, өзгеріске ұшыраған кейбір сөздер мен сөйлемдерді алғашқы түпнұсқа бойынша анықталды. Мәселен, 1990 жылы «Жазушы» баспасынан «Боздағым» (Қазақтың жоқтау жырлары) атты кітап жарық көрді. Жинақта еңбектің бірінші құрастырушысы А.Байтұрсынұлы екені айтылмайды. Бұл кітап 1989 жылдың 27 маусымында теруге, ал 1990 жылдың 25 қаңтарында басуға қол қойылған. Жұмыста аталған кітап А.Байтұрсынұлы түпнұсқасымен салыстырылып, өзгеріске түскен тұстары анықталды.

Жұмыстың өзектілігі ағартушы-ғалымның қазақ әліпбін реформалаудағы жетістігі, тілтану мен әдебиеттану, оқу-ағарту мәселелері, көсем сөз (А.Байтұрсынұлы) публицистика салаларындағы шығармаларын алғаш рет тұтас қарастыруымен де сабактас. «Қазақ халқының рухани көсемі» (М.Әуезов), ұлағатты ұлт ұстазы атанған әдебиетші-ғалымның өмір жолы мен артында қалған мұрасы тұтас күйінде алғаш арнайы сол кезеңдегі тарихи-мәдени даму ауқымында зерттелуі мәселенің зәрулігін көрсетіп отыр.

А.Байтұрсынұлы шығармашылық мұрасын түбегейлі зерттеп, оның басты салалары – қазақ әліпбі, тілтану, әдебиеттану, оқу-ағарту мәселелері, ғылыми, әдеби және көсем сөздік (публицистикалық) еңбектерін тереңірек

зерделеу қажет. Сондыктан жоғарыдағы айтылған жайттардың барлығынан да бұл тақырыпты арнайы зерттеу қажеттілігі айқындалып отыр.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертацияда тарихи тұлғанының ғұмырнамасы, шығармашылығы, мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарына қатысты өз тұсында жазылған мерейтойлық құттықтау лебіздер, (мақалалар – И.Р.) өмірбаяндық очерк, арнайы материалдар, баяндамалар, энциклопедиялық және биобиблиографиялық басылымдарда тұлға туралы қысқаша ақпараттық мағлұматтарға; 1988 жылдан бері мыңдаған мақалаларға (казақ, орыс, ағылшын тілдерінде); Қазақстанның тәуелсіз кезең ғалымдарының зерттеу еңбектеріндегі жаңаша пайымдаулар мен теориялық ой-тұжырымдарға сүйендік.

Сонымен қатар, жазушы Б.Ілиястың «Алтын бесік» (1999) атты кітабында ғалымның кіндік қаны тамған жер, яғни, туып-өскен ортасы, оның қадір-қасиеті мен тұлғаны үлкен өмір соқпағына салған нақты оқиғалар анықталған. Бұл кітаптан ғылыми ортаға әлі күнге беймәлім болып келген кейбір деректерді негізге алдық.

Жазушы Ә.Кекілбаевтың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болған тұсында жасаған «Ұстаз ұлағаты» атты баяндамасының да ғылыми маңызы ерекше екені айқындалды.

Ұлт ұстазы туралы өзіндік ой-пікірлерін ортаға салған жазушы Қ.Сарсекеевтің «Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі – Ахмет Байтұрсынов жайлы ой-түйін» атты көлемді талдап-таныстыру мақаласы мен осы мақалаға жауап ретінде жазылған әдебиет-зерттеушісі Ж.Ысмағұловтың «Ахаң туралы жазсақ, ақаусыз жазайық», «Ақиқаттан аттамайық, бауырым» деген танымды мақалаларының да бүгінгі тұлғатану тақырыбында түрлі догмаларға ұрынып жүрген кемшін тұстарымызға тойтарыс боларлық тың көзқарастар бар болғандықтан зерттеуімізден тыс қалдыра алмадық.

Көрнекті ғалым Т.Қожакеевтің «Халқымен қайта қауышты қайран ерлер» (1991) атты мақаласы негізінде 1967 жылы Нью-Йоркте жарық көрген «Орталық Азия орыс билеген ғасырда» («Центральная Азия в век русского правления» деген кітаптағы жазылған пікірлерге арнайы тоқталдық. Бұл еңбектің танымдық дәрежесі маңызды. Осы орайда бұл жинақтың түпнұсқасын, не көшірмесін мемлекеттік тапсырыспен арнайы алдыруды өзекті мәселе деп көтерген жөн деп есептейміз.

1985 жылы Оксфордта жарияланым көрген «Казахи о русских до 1917 года» атты кітапқа Ә.Бекейхан, М.Дулатов, Т.Рысқұлов сынды қазақ зиялыштарының алаш ардақтылары туралы (А.Байтұрсынұлы т.б.) материалдары топтастырылған. Аталған кітаптың басылым көрген уақыты – үш аристы ресми актау мерзімінен бұрын болғанын байқаймыз. Сол кезеңдегі әлемдік санақ бойынша аз ұлттар санатына кіретін қазақ елінің санаулы саяси тұлғаларының шет ел ғалымдарының назарына ілінуі – тың жаңалық. Бұл екі басылым да бүгінгі зерттеу жұмысымыздың басты нысандары болып табылады.

1992 жылы – Ә.Ә.Әбдіманов «Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-публицистикалық қызметтері», 1994 жылы – Т.Ш.Қасенов «Мысал

жанрының стилі мен тілі» (Ахмет Байтұрсынұлы 40 мысал), Б.К.Момынова ««Қазақ» газеті қоғамдық саяси лексика», 1995 жылы – А.С.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы», 1996 жылы – Н.Т.Машканова «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы», 1998 жылы – К.Ә.Сақов ««Қазақ» газетіндегі ұлттық саяси мәселелердің жазылуы», 1999 жылы – Р.С.Үсембаева «Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастаудың сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу», 2000 жылы – Б.И.Иманбекова «Ахмет Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары», 2001 жылы – К.Т.Ыбырайжанов «Ахмет Байтұрсыновтың білім жайлары педагогикалық мұралары», 2002 жылы Ж.Т.Байтесова «Қоғамдық сананы қалыптастыруды Ахмет Байтұрсынұлы публицистикасының ролі» атты кандидаттық диссертациялық еңбектер қорғалды.

Ө.Айтбаев, М.Қойгелдиев, А.Ісімақова, С.Өзбекұлы, Д.Қамзабекұлы, Қ.Мәдібаева, т.б. докторлық еңбектерінде қазақ ұлттық ғылымының негізін салушы А.Байтұрсынұлының шығармашылығы мен қоғамдық қайраткерлігіне қатысты деректер қамтылып, ғылыми мұрасы зерттеу объектісі ретінде арнайы қарастырған.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың мақсаты – әдебиетші, көсемсөзші, тілтанушы, ақын-аудармашы, ағартушы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының артында қалған ғылыми мұрасын талдап, ғалымның бұл салаларға қосқан үлесін бүгінгі тәуелсіздік кезеңі ғылымы тұрғысынан жаңаша пайымдау болып табылады. Сол себепті осы жұмысты орындау барысында қаламгердің қазақ әліпбі, тілтану, әдебиеттану, оқу-ағарту және әдеби-көсемсөздік еңбектері жүйеленіп, олар мазмұнына қарай топтастырылды. Негізгі мақсатты орындау үшін диссертациялық жұмыста мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- А.Байтұрсынұлының өмір жолы мен шығармалары, ғылыми еңбектері, қоғамдық және мемлекеттік қызметтері, саяси куғынға ұшыраған кездері (1908, 1909, 1929, 1937 жылдары) мұрағат құжаттары негізінде хронологиялық жүйеге түсіріліп, тұңғыш рет анықтап көрсету;
- «Ақаң түрлеген ана тілі» әліпби туралы, Әліппелері: «Оқу – құралы» қазақша алифба (1912); «Әліп-бі» жаңа құрал (1926); «Сауат ашқыш» сауатсыз ұлкендер үшін (1926) оқулықтары кейінгі басылымдармен салыстырылып, арасындағы өзгерістерді айқындау;
- Мысал жанрының жаңа ұлгісі: «40 мысалдың» төлтуынды екендігін осы уақытқа дейін жазылып келген еңбектерге сүйене отырып, 40 мысалды қырық төлтума деп тану және бұл тұжырымды ғылыми айналымға ұсыну;
- Көсемсөзші-қаламгердің «Айқап», «Қазақ» басылымдарындағы мақалаларының қазақ әдеби тіліне, оның қоғамдағы білім берудегі міндеті мен орнына тигізген әсері яғни, қазақ тілінің татар және басқа да тілдермен шүбарланбауына тікелей тоқтау болғандығын анықтау;
- «23 жоқтау» (1926) жинағы мен «Боздағым» (қазактың жоқтау жырлары) (1990) атты кітап салыстырылып, ондағы: А.Байтұрсынұлы есімінің көрсетілмеуі және 1926 жылғы жинап, өндөлген 20 жоқтаудың

біршама өзгеріске ұшырағаны, «Кенесары-Наурызбай» (91 жол), «Қыздың жоқтауы» (22 жол), «Жолдызбай» (27 жол) сынды жырлардың енбей қалғандығын анықтап көрсету;

- Әдебиет теориясының негізі – «Әдебиет танытқышқа» тәуелсіз қазақ әдебиеттануының ғалымдары берген бағаларын жүйелеп сараптау;

- «Тіл – құрал» (1, 2, 3-нші жылдық кітап. 1915, 1916, 1923), «Оқу – құралы» (1, 2-нші жылдық кітап. 1912, 1916) оқулықтарының бүгінгі қазақ ұлттық тіл ғылыминың басы болғандығын нақты деректермен айқындау;

- Ғалым жәдігерлерінің сақталу тарихы және олардың бүгінгі сақталу орындары туралы мәліметтерді жүйелеп көрсету;

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары. Әдебиет, әдебиеттану, тілтану, білім беру салаларына, 1913-30 жылдар аралығында жалпы қазақ руханиятына өзіндік үлес қосқан А.Байтұрсынұлы сынды тарихи тұлғаның ғұмырнамасы мен оның қазақ әлеуметі үшін көтерген түрлі саладағы еңбектерінің тұтас алғаш зерттелуінің өзі тақырыптың өзектілігімен бірге жаңалықты жақтарын да аңғартады.

Ғұлама ғалымның ғұмырнамасын хронологиялық тізбекте қарастыру барысында бұл диссертациялық жұмыстың жаңалықтары мынадай мәселелерден көрінеді:

Біріншіден, ғалымның туған күні, айы, жылдының әр түрлілігі (1870, 1872, 1873), сонымен қатар атылған жылды да әрқалай жазылып келгендейгіне мұрағат деректері бойынша «5/IX.1872 - 8/XII.1937» деп түзету жасау ұсынылды. Туып-өскен отбасы әulet шежіресі арқылы таратылды. Тұлғаның жары Байтұрсынова Бәдрисағаның дағы губернаторына жолдаған жеделхаты негізінде олардың түрмеге дейін шаңырақ көтергені анықталды.

Екіншіден, «Ақаң түрлеген ана тілі» әліпби туралы, Әліппелері: «Оқу – құралы» қазақша алифба, «Әліп-биі» жаңа құрал, «Сауат ашқыш» сауатсыз ұлкендер үшін оқулықтары кейінгі басылымдармен салыстырылып, арасындағы өзгерістер айқындалды.

Үшіншіден, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің №78754-ші сот құжатындағы А.Байтұрсынұлының тергеушілер сұрақтарына берген жазбаша мәлімдемесінің мәтіні толық қамтылып, оған талдау жасалды.

Төртіншіден, «Байқаушы» деген белгісіз есімнің А.Байтұрсынұлына тән екендігі анықталып, осы атпен жарияланған өлеңдері: «Дағдарыс», «Коян», «Туған тілім» және авторсыз берілген «Шекіспей, бекіспейді» мақаласына бірінші рет ғылыми талдау жүргізілді.

Бесіншіден, мысал жанрының жаңа ұлгісі: «40 мысалдың» төлтуынды екендігі осы уақытқа дейін жазылып келген еңбектерге сүйене отырып, қырық төлтума деген тұжырым ғылыми айналымға ұсынылды.

Алтыншы, көсемсөзші-қalamгердің «Айқап» журналы, «Қазақ» газетіндегі мақалаларының қазақ әдеби тіліне, оның қоғамдағы білім берудегі міндеті мен орнына тигізген өсері яғни, қазақ тілінің татар және басқа да тілдермен шұбарланбауына тікелей тоқтау болғандығы анықталды.

Жетінші, ғалымның қазақ ұлттық ғылымина, оның ішінде тіл, әдебиет, тарих, көсемсөзге қосқан ғылыми мұрасы жан-жақты, жүйелі түрде біртұтас

бірлікте алынып, тұнғыш рет жылдарына сай салыстырыла қарастырылып, жаңаша бағамдалды.

Сегізінші, ғалым мұрасының сақталу тарихы және олардың бүгінгі сақталу орындары туралы мәліметтер жүйелеп көрсетілді;

А.Байтұрсынұлының «Ұлттық рухтың ұлы тіні», «Ұлттың ұлы ұстазы», ғұлама ғалым екендігі, яғни, қазақ ғылыминың бастауы деген тұжырымдар нақты деректермен дәлелденіп, түйінделді.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

- Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен шығармалары, ғылыми еңбектері, қоғамдық және мемлекеттік қызметтері, саяси қуғынға ұшыраған кездері мұрағат құжаттары негізінде хронологиялық ретпен анықталып, көрсетілді;

- «Байтұрсынұлы әліпбі» туралы, Әліппелері: «Оқу – құралы» қазақша алифба (1912); «Әліп-би» жаңа құрал (1926); «Сауат ашқыш» сауатсыз үлкендер үшін (1926) оқулықтары кейінгі басылымдармен салыстырылып, арасындағы өзгерістер айқындалып, берілді;

- Мысал жанрының жаңа ұлгісі: «40 мысалдың» төлтуынды екендігін осы уақытқа дейін жазылып келген зерттеу еңбектерге сүйене отырып, қырық төлтума деген тұжырым ғылыми айналымға ұсынылды;

- Ашылмаған бүркеншік есімдер тізіміне енген «Байқаушы» деген белгісіз автордың А.Байтұрсынұлы екендігін анықталып, осы бүркеншік атпен жарияланған еңбектері: «Дағдарыс» (1915), «Қоян» (1915), «Туған тілім» (1916) атты өлеңдері мен «Шекіспей, бекіспейді» (1916) мақаласына бірінші рет ғылыми талдау жүргізілді;

- Көсемсөзші-қаламгердің «Айқап», «Қазақ» басылымдарындағы мақалаларының қазақ әдеби тіліне, оның қоғамдағы білім берудегі міндеті мен орнына тигізген әсері яғни, қазақ тілінің татар және басқа да тілдермен шүбарланбауына тікелей тоқтау болғандығы анықталды;

- «23 жоқтау» (1926) жинағы «Боздағым» (1990) атты кітаппен салыстырылып, ондағы: енбей қалған «Кенесары-Наурызбай» (91 жол), «Қыздың жоқтауы» (22 жол), «Жолдыбай» (27 жол) атты үш жоқтау анықталып, көрсетілді;

- Әдебиет теориясының негізі – «Әдебиет танытқышқа» тәуелсіз қазақ әдебиеттану ғылыминың ғалымдары берген бағалары жүйеленіп сарапталды;

- «Тіл – құрал» (1, 2, 3-нші жылдық кітап. 1915, 1916, 1923), «Оқу – құралы» (1, 2-нші жылдық кітап. 1912, 1916) оқулықтарының бүгінгі қазақ ұлттық тіл ғылыминың басы болғандығын нақты деректермен айқындалды;

- Ғалым жәдігерлерінің сақталу тарихы және олардың бүгінгі сақталу орындары туралы мәліметтер жүйеленіп көрсетілді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Жұмыстың ғылыми практикалық мәні оның өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен тікелей байланысты болып табылады. Оның басты себебі, бүгінгі күнге дейін ғалым мұраларының ғылыми тұрғыда біртұтастықта қарастырылмаудында. Бұл диссертациялық жұмыс А.Байтұрсынұлына

қатысты немесе сол кезеңге қатысты болашақта жазылар ғылыми жұмыстарға септігін тигізеді деген ниеттеміз.

Ғұлама ғалымның ғұмырнамасы мен шығармашылық еңбектерін қарастыратын бұл диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелерін арнаулы және жоғарғы оқу орындарында оқытылатын – қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы, қазақ әдеби сынының тарихы, қазақ журналистикасы тарихы, жалпы тіл білімі тарихы және қазақстан тарихы пәндеріне қосымша материалдар ретінде қолдануға болады. Сонымен катар, А.Байтұрсынұлы шығармашылығына арналған және XX ғасыр басындағы қазақ руханиятының тарихына арналған еңбектерге пайдалануға болады. Еңбектің практикалық мәні ретінде – оның ғылыми мазмұнын арнаулы семинарлар мен арнаулы курстарға өтуге болатынын да атап өтеміз.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық, әдістемелік негіздері. Диссертацияда көтерілген мәселелердің шешімін табуда Ш.Сәтбаева, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, Ғ.Ахмедов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Р.Бердібай, Т.Кәкішев, Ж.Ысмағұлов, Ш.Елеуkenов, Т.Жұртбаев, А.Ісімақова, Д.Қамзабекұлы, Ә.Әбдіманұлы, Ж.Смағұлов, Р.Сыздық, Ә.Айтбаев, Б.Әбілқасымов, Н.Оралбаева, М.Құл-Мұхаммед, С.Өзбекұлы т.б. ғалымдардың теориялық таным-түсініктері, жеке қағидалары негізге алынды.

Жұмысты жазу барысында тақырыпқа тікелей қатысты ТМД, шет ел ғалымдарының еңбектері, атап айтсақ, М.Жусупов, Ф.Ашнин, В.Алпатов, Д.Насилов, Э.Олуордтардың монографиялық зерттеулері өз қажетімізге қарай қарастырылып, ондағы ой-тұжырымдар мен түйінді пікірлер теориялық әдіснамалық негіз етіліп алынды.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. А.Байтұрсынұлының үлкен өмір жолындағы ұлы соқпақтарының қалыптасып, дамуын зерттеу барысында жүйелі-кешенді, тарихи-хронологиялық сипаттау, ғылыми талдау тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының негізгі дерек көздері. А.Байтұрсынұлының өмір жолына тікелей қатысты және оның замандастарына қатысты ғалымның қоғамдық қызметтерін т.б. деректі оқиғаларды қамтыған мұрағат құжаттары; оның отбасы, жары Б.Байтұрсынованың дала губернаторына жолдаған жедел хаты; ең маңызды соны дерек №78754-ші сот құжатының 3-томы, ондағы: А.Байтұрсынұлы мәлімдемесінің толық мәтіні (18 маусым, 1929 жыл.); ҚР Ұлттық кітапханасындағы сирек қордағы төте жазумен жарық көрген ғалымның төл туындылары; 1988 жылдан бері қайта басылым көрген жинақтары; қаламгердің мұрасына қатысты түрлі салада түрлі тақырыпқа жазылған зерттеу еңбектері мен бірнеше жүздеген мақалалар; ғалым ғибраттары мен жеке қаламгерлердің ол туралы айтылған ой-тұжырымдары, айшықтары жөнінде нақты пайымдар жасалынды.

Зерттеу жұмысының сарапталуы мен жарияланымы. Диссертациялық жұмыстың қолжазбасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінде талқыланып, қорғауға ұсынылды. Зерттеу тақырыбы бойынша

жазылған мақалалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген ғылыми басылымдар мен халықаралық, республикалық конференцияларға арналған жинақтарда жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, бөлім тараушаларынан, 1 бөлімге берілген мұрағат деректеріне негізделген қосымша кестеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Сонымен қатар, осы диссертация жұмысына қатысты жарық көрген мақалалардың жарияланымы берілді.

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМУНЫ

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген тарихи тұлғаның өмір жолы мен қызметіне қатысты зерттеу тақырыбының өзектілігі мен зерттеу деңгейі, жұмыстың ғылыми, теориялық, әдістемелік негіздері белгіленіп, негізгі дерек көздері көрсетілді. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері анықталып, негізгі ғылыми жаңалығы мен ұсынылған тұжырымдары айқындалып, пайдаланылған әдістәсілдер, зерттеудің теориялық-практикалық маңызы көрсетіліп, жұмыстың сыннан өтуі мен сарапталуы сипатталды.

Диссертациялық жұмыс қазақ елінің дербестігін мақсат етіп қойған алаш арысының құлы өмірнамасын хронологиялық ретпен жүйелі саралап, оның ғылыми еңбектерінің жазылу кезеңін мұрағат құжаттары негізінде тұнғыш рет айқындалап қарастырады.

«Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырнамасы және ахметтану мәселесі» деп аталатын **бірінші бөлім** ахметтану ғылыминың алдындағы үлкен міндеттердің негізгісі – мұрағат деректерін тұнғыш рет хронологиялық тізбекте жүйелеп, игеру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында қоғам және мемлекет қайреткерінің өмір жолы мен қызметіне байланысты құжаттардың мол қоры сақталғаны белгілі. Мұрағат құжаттары 1893 жылдан, нақтырақ айтсақ, тұлғаның Орынбор мұғалімдер мектебінде оқыған кезеңінен 1936 жылдың қыркүйегінде Орталық мемлекеттік мұражайдың кеңесшісі қызметінен бұйрықпен босатылған уақытын қамтиды.

А.Байтұрсынұлының 1929 жылдың істі болу кезінде тергеудің сан түрі жүргізілсе керек. Соның ішінде ең маңызды соны дерек Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаттық қорында №78754-ші сот құжатының 3-томындағы дерек. Тергеушілердің сан құлы сүрқия сұрақтарынан шаршаған тұлға өз толғамын аз мәлімдемеге сыйғызған. Аталған мәлімдеменің толық мәтіні диссертациялық жұмыста қаралып, талдау жасалды. Аталған кезең «Өмірбаяндық деректер» деген тараушада қарастырылады. Сонымен бірге, бірінші бөлім қарастырылған мәселелеріне орай, «Ахметтанудың негізін салушылар» және жадығаттар қорының молдығына байланысты ғалым ғұмырбаяны арнайы мұрағат деректері негізінде «қосымша кесте» арқылы анықталып берілді.

А.Байтұрсынұлы туралы, оның туған күні, айы, жылына және отбасына байланысты түрлі тақырыпта арнайы қарастырылған жинақтарда белен алған жаңсак пікірлер, бұл күні «қағидаға айналған қателердей» (Т.Кәкішев) қалыптасып, кең өріс жаюда. Осы «қағидаға айналған қателерге» тосқауыл, әрі тойтарыс ретінде ғалым артында қалған ресми мекемелердегі «қатталған» құжаттар көзін, атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрафаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеттің орталық музейі мен А.Байтұрсынұлы атындағы қоғамдық қордың мұрафатындағы жадығаттарды негізге ала отырып, олардың дәйекті деректер екендігі дәлелденді.

Бірінші бөлімде алаш арыстарының ақталуы, соның негізінде қазақ зиялышарының өмірі мен шығармашылығын зерттеу мүмкіндігін туғызған қаулыға тоқталамыз да, осы үрдістің А.Байтұрсынұлы мұрасының қайта қолға алынуы мен оның бұрынғы қылышына тоқталамыз. Яғни, Қазақ ССР Жоғарғы Соты 1988 жылы 4 қарашада «жазықсыз жазаға ұшырап, саяси репрессияның құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлының, нақтырақ атақты «он төрттің» тергеуін қайта қарайды. Олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан тергеу барысы тоқтатылсын» деген шешім шығарады. Ақталуы туралы анықтаманы (№ 11/2нкр 19/18) сол жылдың 21 қарашасында Шолпан Ахметқызына тапсырылғанын ресми деректер бойынша сараладық.

А.Байтұрсынұлының 1872 жылы туғандығы туралы деректі құжаттарды зерттеп-зерделеу барысында мұрағат (архив) қорындағы құжат-қағаздардың қалай жазылғаны – қолжазба немесе машинажазба, қашан, қайда толтырылғанын басты назарда болды. Мәселен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің мұрафатынан алынған Өмірдерек (Жизнеописание) [9] сынды мұрағаттық құжаттың ғалымның өз қолымен толтыргандығы, басқа да қаламсаппен толтырылған құжаттар және құжат сонына қол қойған «қолын» салыстыру барысында сараптама-сұзгі жасалды.

Аталған мұрағат деректері негізінде тарихи тұлғаның өмір белестері: туып-өскен ортасы мен өсіп-жетілуі, алғашқы оқытушылық жолы, қазақ жүртүшінің дербес ел болып қалыптасуы үшін жасаған қызметтері: Әліппи түрлеуі, мектеп оқулықтары – алғашқы әліппелер мен оқу құралдарын жазуы, сол жолдағы қым-қуыт тірліктері, саяси көз қарасы үшін қудаланған кездері барлығы да «Өмірбаяндық деректер» деген тараушада қарастырылды.

Зерттеу жұмысы кеңес кезінде А.Байтұрсынұлы мұраларының негізінде мектеп оқулықтары – қазақ тілі мен әдебиетінің жазылып әрі оқытылып келгенін нақты деректермен анықталды. Алаш ардагерінің атын атауға кеңес үкіметі тыйым салғанымен, оның «затын» қолдануға тыйым сала алмағанын іс жүзінде көрсетіп берді. Оған дәлел ретінде – А.Байтұрсынұлы қалыптастырған қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қажетті ұғым-атаулар, оларға қатысты анықтамалар мен қисындардың күні бүтінге дейін қолданыста болуын атасақ та жеткілікті!

Қазақ даласында қазақ мектебінің негізін салған тұңғыш ағартушы ІІ.Алтынсарин (Тандамалы шығармалары. «Ғылым» баспасы, 1994 ж.) орыс

тіліндегі «Имя существительное» дегенді «Нәрселердің атауы» (227 б.) десе, А.Байтұрсынұлы оны «Зат есім», [8, 160 б.] - деп атады. Ал «Имя прилагательное», «Имя числительное» деген сөз таптарына тұңғыш ағартушы «Зат-мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары», (Б.238, 243) - деп балама берсе, А.Байтұрсынұлы «Сын есім», «Сан есім» [8, 162 б.] деген атау-ұғым берді. «Местоимение» деген орыс терминіне алғашқы ұстаз «Ақыры өзгерілмейтін сөздер» (248 б.) деп аударса, кейінгі әдіскер «Үстеу», «Демеу», [8, Б.165-166] - дейді. Бұгінде бұлар қазақ тілінде қалыптасып кеткен атау-ұғымдар. Осы атаулардың қалыптасуы үшін, алдыңғы буын өкілдерінің жіберген кемшіліктерін түзеп-түрлеу арқылы XX ғасырдың басында қазақ мектебінің керегін жасаушы, қазақ оқығандарының басы, жетекшісі А.Байтұрсынұлы болғанын дәлелдеп жатудың өзі артық.

«Ахметтанудың негізін салушылар» деген тараушада ғалым өмірбаяны мен шығармашылығына қатысты жазылған ғылыми еңбектерді игере отырып, қорытынды жасалды.

Ахметтау мәселесін ғалымның өз тұсында жазылған қысқаша анықтамалар мен қайраткердің қоғамдық қызметіне қатысты айтылған оның үзенгілес замандастарының лебіздеріне шолу жасау арқылы қарастырдық. Өзге ұлт өкілдерінен: 1919 жылы А.Н.Самойлович «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы», 1924 жылы Е.Д.Поливанов «Қырғыз-қазақ жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы», 1928 жылы Н.Ф.Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалалар жазды. 1931 жылы Мәскеудің Әдеби энциклопедиясының 5-томына Қазақ әліпбі (Байтұрсынов әліпбі) енді. 1974 жылы А.Н.Кононов «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» атты анықтама-мәліметтер бергені тарихи деректерден белгілі.

Мәселен, А.Н.Самойлович «Шығыс әдебиетінің» 1-басылымындағы «Түрік халықтарының әдебиеті» атты материалында А.Байтұрсынұлының қызметін қысқаша анықтамалық шолуға сыйғызған. Онда қазақ ғалымы туралы: «...қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы», [10, 79 б.] - деп жазады. Сондықтан ахметтанудың негізін біз 1922 жылғы М.Дулатовтың мақаласынан емес, 1919 жылдан бастағанды жөн деп санадық. Себебі, А.Самойловичтің сол тұста мейлі арнайы тапсырыспен жазсын, қоғам қайраткерінің 1919 жылға дейінге жасаған жұмысын 20 сөйлемге сыйғызған мәліметінен қажетті мағлұматтан барлығын да табасыз. Зерттеуші мәліметіндегі: «көрнекті қазақ ақыны», «жорналшы», «педагог» деген тіркестер дәл сол уақытта қазақ күрескерінің атқарған жұмыстары болатын.

Қазақ зиялыштары 1922 жылдардан зерттеп, бағалап жүрген «Қазақ» газеті туралы орыс зерттеушісі «қазақ халқының қоғами-мәдени санасын оятушы» басылым деп, бұгінгі әдебиеттанушылар төлтума деп танып жүрген И.Крыловтан аударылған мысалдарды «Байтұрсыновтың тілі лирикалық шығармаларында қарапайым, өзінің бай, көркем, поэтикалық мәнерімен ерекшеленеді», [10, 79 б.] - деген нақты берілген құнды ой-тұжырымдарын қазақ зиялыштарынан 3 жыл бұрын айтқанын бағалауға міндеттіміз. Яғни,

1919 жылы А.Н.Самойловичтің «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» туралы берген анықтама-ақпаратын бірінші танымдық ғылыми бағалау екені basы ашық дүние. Бұл қазақ ғалымы туралы жазылған тұңғыш ғылыми сипаттама. Орыс ғалымы А.Байтұрсынұлы туралы тұжырымын «қазақтың бірінші көрнекті лингвист-ғалымы» деп түйіндеген.

1924 жылы А.Байтұрсынұлы түрлеген қазақ әліппесінде профессор Е.Д.Поливанов Ортаазия мемлекеттік университетінің бюллетінде жариялаған «Жана қазақ-қырғыз (Байтұрсыновтық) орфографиясы» атты мақаласында: «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика», [10, 52 б.] - деп бағалаған. Ғалымға берілген осы бағаны отандастары қалай қабылдады?! Әлбетте, тарихи тұлғаның замандасы, әрі рухани шәкірті М.Әуезовтің мерейтойлық мақаласына сүйенсек, бұл емле «Ақаң түрлеген ана тілі» деп өз тұсында қошеметtelген. Осы төте жазу негізінде көрші ел де «өз көшін» түзегені тарихтан мәлім. Бұған мысал ретінде қырғыз халқын айта аламыз. Өкінішке қарай, бүгінгі салауатты ұрпақ танымына осы Байтұрсынұлы әліппесінде дұрыс түсіндіре алмай жүрген тұстарымыз да бар.

Қазіргі бастауыш мектептерге арналған 1 сынып әліппесіндегі «Қазақ алфавитінің» авторын ажыратын алмайтын оқытушылар бар екені де жасырын емес. Ақиқатында, есімі аталмаса да Байтұрсынұлының төте жазудағы 28 таңбамен түзілген әліппесінде ғана өзгеріспен кеңес кезеңіндегі мектепке, яғни, бірінші латын, сонаң соң кирил әрпіне қопарылып, көшіп отырды... Осылайша ғалымның еңбегі ұрпағына қызметін көрсете берді, руханият жалғастығы деген осы. Мұны бүгінгі қазақ ғылымы жоққа шығара алмайды, тек аракідік жаңсақ пікірлерге, мәселен, «А.Байтұрсынұлы 42 әріпті жасаған» дейтін кейбір қате ой-тұжырымдардың баспасөз беттерінде белен алуды ойландырады. Сондықтан «Қазақ әліппесінде және қазақ жазуын жетілдірудегі А.Байтұрсынұлының қызметі туралы» деген тақырып аясында мектеп бағдарламасына арнайы сағат бөліп оқыту өзекті мәселелерлің бірі деп ойлаймыз.

Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліппесінде 1924, 1931 жылдары «Байтурсыновская графика» [10, 52 б.], «Байтурсыновский алфавит» [10, 78 б.] - деп атау берген. Біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (жуан, жіңішке белгіні есептеу шарт емес) әріптің тұп негізі А.Байтұрсынұлы емлесімен тығыз байланыста екенін түсіне бермейді. Және ғасыр басында Байтұрсынұлы таңдаған төте жолдың байыбын дұрыс ұғынбаудан жазу мәдениетінде өркениетті елдерден кейін қалып, әлі күнге «қай жазуды алу керек» деген айтысты мәселенің жетегінде журміз.

Төте жазуға тұрақтамауымызға сол тұстағы саясат та әсер еткен болуы керек. Дегенмен озық елдің ғалымдары жоғары бағалаған А.Байтұрсынұлы емлесінде тұрақтылық танытқан болсақ, онынан жазылатын харіптің қасиетін басқаша ұғар ма едік. Ислам дінімен бірге келген әліптің адамзат баласын игілікті істерге жетелері хақ екенін ой-түйсігімізben қабылдағанмен, ұзақ жылдар кирил әрпімен құрсауланған құлдық сана шырмауынан шыға алмай жүргеніміз де шындық. Десек те орыс ойшылдары аса жоғары бағалаған

«Байтұрсынұлы әліпбійінің» астарына әлі де үніле тұсу – біздің ұрпақтық парызымыз.

Тұлғаның ұлан-ғайыр қызметінің әр түрлі қырлары туралы 1922 жылы орыс тілінде – М.Дулатов «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов» биографиялық очерк, Е.Омаров «А.Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі», 1923 жылы қазақ тілінде – М.Әуезов «Ақаңың елу жылдық тойы (юбилей)», С.Сейфуллин «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды», С.Сәдуақасов «Ақаңың алдында», Т.Шонанұлы орыс тілінде «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту ісі және әдебиет саласында» атты баяндамалар жасаған. Осы материалдар негізінде ғалымның кемел өмірбаяны жазылып, ол кейінгі еңбектерге арқау болды десек қателеспейміз.

Академик А.Н.Кононовтың 1974 жылы ғалымға берген сипаттамасы ішінде: «Мәдениет тарихын жазған» деген [10, 80 б.] мәлімет бар. Әсіресе, түркітанушы ғалымның Қазақстанда Байтұрсынұлының атын ауызға алуға да, жазуға да тыйым салынған уақытта «Отандық түркологтардың библиографиялық сөздігі» атты кітапқа қазақ ғалымы туралы толыққанды ақпар беріп, «қара тізімдегі тұлғаны» А.Байтұрсынұлын тарихи тұрғыдан әділ бағалауды «алмастың ажарын алмас ашады» деген қағиданы растағандай.

Көрнекті ғалым Т.Қожакеевтің «Халқымен қайта қауышты қайран ерлер» (1991) атты макаласына сүйенсек, 1967 жылы Америкадағы Колумбия университетінің профессорлары Эдвард Олуорд, Ян Муррей Мэтли, Карл Х.Мэнгес өз шәкіртерімен бірлесіп, Нью-Йоркте ағылшын тілінде «Орталық Азия орыс билеген ғасырда» («Центральная Азия в век русского правления») деген кітап шығарған. Осы кітапта Орта Азия халықтары мен қазақ халқының экономикалық, саяси, мәдени даму жолдары туралы – олардың ұлттық сезімінің оянуы, интеллектуальдық жағынан өсуі, әдебиетінің дамуы жөнінде, әсіресе, әр халықтың осы үлкен саяси істерде зор қызмет көрсеткен қайраткерлері туралы мол мағлұмат берілгені айттылады. Сол тұста өз елімізде «халық жауы» деп мансұқталып жүрген А.Байтұрсынұлы туралы 16 беттік пікір білдіргені, онда оның саясат, әдебиет, мәдениет майданындағы ерлік істерін ерекше бағалап жазылғандығы айттылған.

Орта Азияны зерттеу қоғамының Оксфордтан 1985 жылы жарық көрген «Казахи о русских до 1917 года» атты кітапқа – Ә.Бекейханның «Қырғыздар /Қазактар/» мақаласы, М.Дулатовтың «Ахмет Байтурсынович Байтурсынов» биографиялық очеркі, «А.Байтурсынов» туралы ақпарат /Мәскеуде басылым көрген Әдеби энциклопедияның, 1-нші томынан алынғаны туралы сілтеме берген/, Т.Рысқұловтың «Патшаның отарлау саясаты мен оның зардаптары» сынды материалдары топтастырылған. Аталған кітаптың басылым көрген уақыты – үш арысты ресми актау мерзімінен бұрын болғаны бұл жинақтың салмағын арттыра түседі.

Жұмысты жазу барысында тақырыпқа тікелей қатысты ТМД, шет ел ғалымдарының еңбектері, атап айтсак, М.Жусупов «Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма» (1995) атты зерттеу еңбегі, Ә.Олуордтың «Орталық Азия орыс билеген ғасырда» («Центральная Азия в век русского правления») (1967), «Казахи о русских до 1917 года» (1985)

сынды кітаптар, Ф.Ашнин, В.Алпатов, Д.Насиловтардың «Репрессированная тюркология» (2002) атты монографиялық зерттеулері өз қажетімізге қарай қарастырылып, ондағы ой-тұжырымдар мен түйінді пікірлер теориялық әдіснамалық негіз етіліп алынды.

Сонымен қатар, ғалымның есімі ресми ақталған, яғни 1988 жылдан бері жарық көрген оның төл туындылары, онда жазылған алғы сөздер, ғалым өмірі мен шығармашылығы туралы берілген ақпараттарға мұрагат деректері негізінде сараптама жасалды. Атап айтсақ, 1989 жылғы «Ахмет Байтұрсынов шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер» атты жинаққа әр жылдары жарық көрген: «Маса» (1922), «Қырық мысал» (1922), «Әдебиет танытқыш» (1926) атты еңбектері және «Қазақтың бас ақыны» мақаласы топтастырылып, басылды. 1991 жылғы «Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалары» атты кейінгі басылымға мерейтойлық мақалалар: «Ақаңның юбилейі туралы» (1923), М.Әуезовтың «Ақаңның елу жылдық тойы» (1923), «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911), «Ер Сайын» (1923), «23 жоқтау» (1926), «Әдебиет танытқыш» (1926) атты еңбектері мен өзекті мәселелерді көтерген 43 көсем сөзі енген.

1992 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа қазақ тіліне арналған еңбектері: «Оқу құралы» (1912); «Әліп-би» (1928); «Саят ашқыш» (1926); «Тіл - құрал» 1-жылдық (1914); «Тіл - құрал» 2-жылдық (1915); «Тіл - құрал» 3-жылдық (1925); «Баяншы» (1920); «Тіл жұмсар» (1928) атты оқулықтары; «Қай әдіс жақсы» (1928); «Жалқылау (айырынқы) әдіс» (1927); «Жалқылау-жалпылау әдіс» (1928); Дыбыстарды жіктеу туралы (1927) сынды қазақ тілінің категориялары; Жазу, емле, терминологияға қатысты 4 мақала; «Араб әліпбін жақтаған» баяндамасы (1926); «Бүкілодақтық бірінші түркологиялық съезінің» стенографиялық есебі (1926); Оқу-ағартуға мәселелеріне жазылған 6 мақаласы алғаш рет қазіргі қазақ әрпімен топтастырылып, басылды. Төте жазудан бүгінгі жазуға түсіргендер: Ж.Нәлібаев, Ж.Есеналиева, А.Төлегенов. Бұл тіл саласындағы қазіргі емлеке түсірілген алғашқы кітап болатын.

1990 жылы «Жазушы» баспасынан «Боздағым» (Қазақтың жоқтау жырлары) атты кітап жарық көрді. Мұнда қазақтың 46 жоқтауы, көне түркі тілінен алынған 2 жоқтау, өзге халықтардың 4 жоқтау үлгілері енген. Жинақтағы «Әлгендер туралы өлмес мұралар» деген құрастыруышы Т.Арыновтың түсінігінде: «1926 жылды Москвада басылған «23 жоқтау» белгілі жинақ болды. ...Ол жинақты құрастырған адамдар өз бастарындағы идеялық қайшылықтары үшін тиісті мінездемелерін алған. Қазір әңгіме олар туралы емес», [11, Б. 13-14] - деп, А.Байтұрсынұлының «Бастыруышыдан» дейтін алғы сөзін өзгеріссіз келтірген. Мұнда әдебиетші жинап, өндеген 20 жоқтау енген, бірақ көптеген жолдары қысқартылып әрі өзгеріске ұшыраған. «Кенесары-Наурызбай» (91 жол), «Қыздың жоқтауы» (22 жол), «Жолдыбай» (27 жол) атты жоқтаулары енбеген. Бұл жөнінде салыстырып-сараптау жұмыстарын жүргіздік.

Жоғарыдағы аталған қаулыдан соң ғалым мұрасын бастыру жұмысы қолға алынды. 1991 жылы көрші Қырғыз Республикасының К.Дайқанов

деген азаматы өз қаражатымен қырғыз тілінде «А.Байтұрсыновдың казакча алифбеси» (Бишкек,) атты жинағын бастырды. Кітап 97 бет, 5000 таралыммен мазмұн жағынан еш өзгертілместен, аздап баспа табақ көлемі кішірейтіліп жарияланды. Құрастыруши оқырмандардың түсініп оқуын жеңілдету үшін, арабшаның тұсына кирил таңбасымен қырғыз тіліне тәржімалаған.

1996 жылы заң саласына қатысты «Жеті жарғы» баспасынан «А.Байтұрсынов. «Жаңа низам» (Құраст. З.Қыстаубайұлы, алғы сөзі С.Өзбекұлы) атты жинақ басылды. Кітапқа А.Байтұрсынұлының әр жылдары заң тақырыбына жазылған мақалалары топтастырылып, құрастырушылар тарапынан жинақ соңында мақалаларға қысқаша ақпар-түсініктемелер берілген. Кітапқа 21 публицистикалық деректі мақалалар топтастырылған. Және ғасыр басында ғалым толғаған мәселелердің күні бүгінде өз мәнін жоймағанын, қайта уақытпен үндесіп жатқандығын, мысалы «-ов, -ова» туралы қазақ ішіне сырттан телінген осы қосымшаның қажетсіз екенін сол кездің өзінде дәлелденгенін айта келе, қайраткердің бұл идеясы осы күні де іс-жүзіне асырылып жатқандығын жазады. Мұнан басқа «Жер жалдау жайынан», «Орынбор. 13-ші октябрь» мақалаларының тәуелсіздік таңымен өзектес, үндес екендігіне нақтылы деректермен дәлелдей отырып, қарастырған.

1998 жылы ғалымның 125 жылдық мерейтой құрметіне «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясынан (Бас редакторы Э.Нысанбаев) «Қазақ» газеті жеке жинақ болып басылым көрді. Кітапқа «Қазақ» газетінің (1913-1918) тарихи және танымдық мақалалары топтастырылған. Кітап соңында «Қазақ» газетінің авторлары туралы энциклопедиялық анықтамалар мен газетте жазылған мақалалардың қысқаша мазмұны баяндалған библиографиялық көрсеткіш берілген. Библиографиялық көрсеткіш 17 тарауға бөлінген. Ұзын-саны – 1410 мақала қамтылған. «Мәдениет пен әдебиет мәселелері» тарауы бойынша – 66 мақала жарық көргендігі туралы ақпар берген. «Өлеңдер» тарауында – 93 өлеңге мәлімет-ақпар беріледі, бірақ жинақта өлеңдер мәтіні толық қамтылмаған. «Аударма» тарауы бойынша – 14 тақырыпқа түсінік берілгенімен, мәтіндер жинақта тұтас қарастырмайды. «Баспасөз» тарауында «Басылып шыққан кітаптар және оларға сын» деген тақырып бойынша – 60 мақалаға қысқаша мәлімет береді де мақалалар мәтіні толық берілмеген. Бұл жинақ ғалымның 125 жылдық мерейтойына орай дайындалғанын ескерсек, кітапқа 5 жыл аралықтағы басылым көрген барлық мақалаларды топтастыру, яғни оны 35 баспа табаққа сыйғызу мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен кітап соңында берілген қысқаша мәліметтің ақпар-анықтама әрі сілтеме сынды үлкен көмек көзі екендігін айқын. Осы анықтама-ақпар арқылы түпнұсқалардағы материалдарды ешбір қындықсыз табуға болатыны анық.

Сол жылы ғалымның 125 жылдық тойына орай, әрі соңғы басылымның жетпіс жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан «Байтұрсынұлы Ақымет. «Әліб-бій». Жаңа құрал» атты кітап жарық көрді. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақтала отырып, қазіргі жазуға

көшіріліп басылған. Құрастырушысы Ұ.Асылов. Кітап бесінші рет басылып отыр.

2002 жылы Жібек жолы баспасынан Алаш мұрасы сериясымен «А.Байтұрсынов бес томдық шығармалар жинағының» бірінші томы жарық көрді. Бұл томға «Әдебиет танытқыш» (1926) атты еңбек кірген. 1989, 1991 жылдарда қайта басылым кірген «Әдебиет танытқыш» түпнұсқамен салыстырылып, өзгеріске ұшыраған сөйлемдер, алнып тасталған үзінділер қайта қалпына келтіріліп, толықтырылған. Осы ретте ескеретін жайт: академик Р.Нұрғали: ««Әдебиет танытқыштың» толық текстін табу міндеті түр деп мәселе көтереді. Ол зерттеуінде: ««А.Байтұрсынов жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін «әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен қара» деп ескерtedі. Ендеше «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығы да болған ғой. Қазіргі дерек бойынша ол жарияланбаған секілді. Әлде колжазба күйінде архивтің бірінде жатыр ма? Қайда? Қысқасы, ...ұлы еңбек «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізу керек», [12, 35 б.] - деп толғақты ойын әдебиеттанушы ғалымдарға арнайды.

2003 жылы жоғарыда аталған кітап «Алаш» баспасынан «А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы» деген атпен толықтырылып қайта басылды. Жинақтың «Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тілі білімі мен әдебиеттануының реформаторы» деген алғы сөзі мен ғылыми түсінігін әдебиеттанушы А.Ісімақова жазған. Мұнда кейінгі басылымдардағы құрастыруши не редакция тарарапынан жүргізілген өзгертулерді түпнұсқаға сай толықтырылып, кейінгі жинактарды бір-бірімен салыстыру барысында олардың айырмашылығы анықталып, қайта қалпына келтіріліп, басылған.

2004 жылы А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу – құралы» атты (1926) хрестоматиясы тұңғыш рет кирилл әрпіне көшіріліп, жарыққа шықты. Бұл басылымдардың ахметтану мәселесінде көмекші құрал болары анық.

А.Байтұрсынұлының ғұмыры, шығармашылығы, қоғамдық және мемлекеттік қызметтері туралы жазылған арнаулы жинақтар мен монографиялық зерттеулер, сонымен қатар, Б.Ілияс, С.Шүкірұлы, Қ.Сарсекеев, Д.Досжанов сынды жазушылардың, А.Байтұрсынұлының немере інісі Самыррат Мәшенұлы Кәкішев және т.б. пікірлері мен тұжырымдары арнайы қарастырылды.

«Еленбей келген еңбектері» деген тараушада 1989, 1992, 1993 жылдары жазылған, бірақ ғылыми айналымға енбеген туындыларына талдау-таратулар жасалып, олардың айналымға түспеуінің себеп-салдарлары анықталды.

Әдебиетші, марқұм Б.Байғалиев 1989 жылы Қостанайдың «Коммунизм таңы» атты облыстық басылымда «Қайта табысқан тағдырлар» айдарымен А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы материал жариялаған. Онда: «Арғын», «Байқауыш», «А» деген тұлғаның бүркеншік аттары туралы, «Туған тілім», «Дағдарыс» атты өлеңдерінің мәтіндері берілді.

1993 жылды әдебиетші Ө.Әбдіманұлы «Қазақ газеті» атты зерттеу еңбегінде осы «...өлеңдердің, «Байқаушы» деген бүркеншік есімнің А.Байтұрсыұлының көнеңін» жазған Б.Байғалиевтің 1989 жылғы мәліметіне сүйене отырып, осы есіммен жарық көрген үш өлеңнің шығу тарихы мен жарияланған кезеңдерін анықтап қарастырған. Бірақ зерттеушілер «Байқаушы» деген бүркеншік аттың және өлеңдердің Байтұрсынұлының көнеңі қалай анықталғаны туралы деректер көзін нақ көрсетпейді. 1991 жылды жарық көрген «Міржақып Дулатов шығармалары» атты жинақтың құрастырушысы М.Әбсеметов ғылыми түсініктегі бұл бүркеншік есімді М.Дулатовтың деген жазады. Мұнда да қандай дерекке сүйенгені көрсетілмейді.

1989, 1992, 1993 жылды осы «Байқаушы» деген бүркеншік есім, үш өлең туралы жазылған материалдар кейінгі басылымдарда ескерілмей елеусіз қалып отырған. 1998 жылғы «Қазақ» энциклопедиялық жинақтың тақырып бойынша топтастырылған библиографиялық көрсеткіште өлеңдердің «Байқаушы» бүркеншік есімімен жарық көргендігі туралы қысқаша ақпар беріледі, бірақ өлең мәтіндері қарастырылмаған. «Байқаушы» бүркеншік есімі ашылмаған бүркеншік есімдер қатарында беріледі.

Біз жоғарыда аталған 1989, 1992, 1993 жылғы мақалалардың маңызына тоқтала отырып, мұндағы сілтемесіз берілген деректерді ендігі жинақтарда ескеру және оны игеру жөнінде ұсыныстар жасадық.

Белгілі болып отырған үш өлеңнің мәтіні А.Байтұрсынұлының 1922 жылды қайта басылған «Маса» жинағына енбеген. Мұның себебін әрқалай түсінуге болады. Бұл жөнінде диссертацияда тоқталамыз.

Әдебиет пен ғылым салаларына, 1913-30 жылдар аралығында жалпы қазақ руханиятына бас болған А.Байтұрсынұлы сынды тарихи тұлғаның ғұмырнамасы мен оның қазақ әлеуметі үшін көтерген түрлі саладағы еңбектерінің тұтастықта алғаш зерттелуінің өзі тақырыптың өзектілігімен бірге жаңалықты жақтарын да аңғартады.

Ғалымның қазақ ұлттық ғылымына, оның ішінде қазақ әліпбі, тілтану, әдебиеттану, тарих, көсемсөзге қосқан ғылыми мұрасы жан-жақты, жүйелі түрде біртұтас бірліктеп алғынып, жеке тақырып аясында тұңғыш рет жылдарына сай салыстырыла, ыждағатты түрде қарастырылып, жаңаша бағамдалды.

А.Байтұрсынұлының «Ұлттық рухтың ұлы тіні», «Ұлттың ұлы ұстазы», ғұлама ғалым екендігі, яғни, қазақ ғылымының бастауы деген пайым-тұжырымдар нақты деректермен дәлелденіп, түйінделді.

«Ғалымның ғылыми шығармашылық мұралары» деген аталатын екінші бөлімде А.Байтұрсынұлының қазақ тілі туралы басты ұғым-атаулары мен тұжырымдары (категориялары), әдебиеттанағы қағидалары мен қисындары, көсемсөздегі шеберлігі, оқу-ағарту саласындағы ғылыми еңбектері жарық көрген жылдарына сәйкес топтастырылып, жүйелене «Әдебиет әлеміндегі айшықтары», «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілі білімі» атты тараушаларда қарастырылды. Диссертацияда ғалымның қазақ

әліпбі, ана тіл, әдеби, ақындық, көсемсөздік мұраларының зерттелуі қашаннан басталатыны сарапталды.

А.Байтұрсынұлының мұраларының мұқият сақталынбауы салдарынан, «Әдебиет танытқыш» атты тұңғыш зерттеу еңбегінің соңғы беттерінің жоғалуы, алғашқысы – оқулық, бұл ғылыми зерттеудің қосымшасы – нұсқалығы, яғни хрестоматиясы, «Мәдениет тарихы» және заң тақырыбын көтерген «Қылмыстық кодекс» атты туындыларының тарихы әлі де жүмбақтау болып отыр. Бұл кітаптардың қай-қайсысының да төте жазумен (араб жазуы негізінде) жазылғанын ескерсек, әрі төте жазу мансұқталып, латын жазуына көшкен кеңес тұсындағы буынның ол шығармаларға мән бермеуі де әбден мүмкін. Бірақ, алаш арыстары айдалып жатқан тұста, олардың артындағы тәркіленген кітаптары да «айдалды». Яғни, олардың кейбірі – қатталып, тиісті мекемелерге өткізіліп үлгерсе, кейбірі – орта жолда не жыртылып, өртелді, не «белгісіз» күй кешті...

Ғалымның өз тұсында жарық көрген еңбектері, рет-ретімен айтар болсақ: 1) «Қырық мысал» Крылов аудармалары 1909, 1911, 1922 жылдары 3 рет; 2) «Маса» өлеңдер мен аудармалар жинағы 1911 жылы 1 рет. 1922 жылды 1 рет; 3) «Оқу – құралы» балаларға арналған әліппе. 1-нші кітап, 1912, 1914, 1916, 1921, 1922, 1923, 1925 жылдары, яғни 7 рет; 4) «Оқу – құралы» 2-нші кітап, 1913, 1923, 1924 жылдары 3 рет; 5) «Тіл – құрал», 1-нші бөлім Фонетика. 1914, 1918, 1920, 1922, 1924, 1925, 1927 жылдары ұзын-саны – 7 рет; 6) «Тіл – құрал» 2-нші бөлім Морфология 1914, 1915, 1920, 1922, 1923, 1924, 1925, 1927 жылдары 8 рет; 7) «Тіл – құрал» 3-нші бөлімі Синтаксис 1923, 1924, 1925, 1926, 1927 жылдары 5 рет; 8) «Баяншы» әдістемелік құрал. 1920 жылы 1 рет; 9) «Әліпби» әліппе 1921 жылы 1 рет; 10) «Ер Сайын» 1923 жылы 1 рет; 11) «Әліппе – астар» әліппеге жетекші құрал 1924 жылы 1 рет; 12) «Сауаташқыш» ересектерге арналған әліппе 1926 жылы 1 рет; 13) «23 жоқтау» 1926 жылы 1 рет; 14) «Әдебиет танытқыш» әдебиеттануға кіріспе. 1926 жылы 1 рет; 15) Оқу – құралы» Хрестоматия (Т.Шонанұлымен бірге, 1927 жылы 2 рет; 16) «Тіл – жұмсар» 1-нші бөлімі 1928 жылы 1 рет; 17) «Тіл – жұмсар» 2-нші бөлімі. 1929 жылы 1 рет басылым көрген.

«Өмірдерек» атты баянатында жарық көрген кітаптарын тізбелегендеге еңбектерінің саны 14-пен шектеледі, анықтап салыстыруымызда ғалым төл туындыларының барлық саны 17-і екенін анықталды. Мұның себебі А.Байтұрсынұлы өзінің жинап, өндеп, құрастыруымен бастырған «Ер Сайын» (Ә.Бекейханмен бірге), «23 жоқтау» жинақтарын және «Оқу – құралы» атты мектеп сыныптарына арналған пән кітабының 3-нші бөлімін көрсетпеген. Жалпы, осы кітаптардың әр жылдары жарық көрген сандарымен қоса есептесек, А.Байтұрсынұлының 17 туындысының 46 рет басылым көргеніне көз жеткізуге болады және осы 46 рет басылған кітаптардың барлығы дерлік Ұлттық кітапхананың сирек қорлар бөлімінің есебіне тіркелгені әрі сақталғаны бұл кітаптардың құндылығының қашанда қымбат екенін көрсетсе керек. Және не бір қылыш тұста жойылмай жасырын сақталып келген осы асыл мұра – А.Байтұрсынұлының қаламынан шыққан пән кітаптар біздің кешегі кеңес тұсындағы қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне

арнайы жазылған қандай да оқулықтарға бастау болғаны да анық. Өйткені, сол тұста әдейі тұншықтырылған тарихи тұлға туындыларының қарандыда жатып-ақ талайларға бағдаршам – темірқазық болғанын кейінгі кітаптардың өн бойынан байқауға болады.

Мәселен, қазақ ұлттық ғылымының үйіткесі А.Байтұрсынұлы мұраларының негізінде мектеп оқулықтары: Қазақ тілі мен әдебиетінің жазылып әрі оқытылып келгені 1990 жылдардан бері ғана мойындалды. Кеңес үкіметінің алыптарымыздың атын атауға тыйым салғанымен, олардың затын қолдануға тыйым сала алмағанын көреміз. Оған дәлел – А.Байтұрсынұлының қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қажетті ұғым-атауларға анықтама беріп, қисынын қалыптастырғаны еді. Яғни, оның қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылышын зерттеуінің нәтижесінде «Тіл – құрал» деген З бөлімнен тұратын, жалпы атаулары: «Дыбыс жүйесі мен түрлері», «Сөз жүйесі мен түрлері», «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты оқулық-кітаптарды жазды. А.Байтұрсынұлының бұл үш кітабы да қазақ тілінің бүкіл грамматикалық құрылышын – фонетикасын, морфология мен синтаксисін бүтін бір жүйе ретінде алғып зерттеген тұтас еңбек. Ғалымның «...тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонаң соң тілдің грамматикалық құрылышын зерттеп-зерделеп қалаудан бастайды» деген тұжырымын тілтанушы-мамандар қазақ тілі ғылымындағы «Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр.

Жоғарыда ұлттық кітапхананың сирек қорында өте мұқият қатталған картотека ұясында 46 кітап тіркелгенін айтқан болатынбыз, туындылардың бірі – 1 данадан, бірі – 2 дана, кейбірі – 3 - 4 данамен сақталғандығы белгілі болып отыр. Қазіргі күні бұл сирек жадығаттардың жағдайы өте мүшкіл. Өйткені, ертедегі кітап шығару технологиясының сапасы төмен және қағаздары тым жұқа болғаны мәлім. Ондай кітаптарды парактап, оқудың салдарынан беттері үлбіреп, қағаздары сарғайып кететінін зымыран уақыт көрсетіп отыр. Олардың басым көпшілігі микрофильмге түсіріліп, арнайы аппаратпен оқытылатын болған. Ал негізгі тұпнұсқалар уақыт өте экспонатқа айналары сөзсіз. Мүмкін жаңа техниканың көмегімен сирек тұпнұсқалардың ішкі мазмұн-мәтінін компьютерге түсіруге болатын жағдайларды да қарастыруға болады екен. Өкініштің, тым жоғары вольтпен жұмыс істейтін сканерлер үлбіреген парактарды күйдіріп жіберуі де ықтимал дейді мамандық-кітапханашылар. Осындай құнды жәдігерлердің бүгінгі хал-ахуалымен қатар, оның сақталу тарихына да талдау түсінік берілді.

Ташкент қаласының баспаханасынан А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты оқулығы. Қазақ тілі грамматикасы. 96-бет, Бірінші жылдық. 1918 жылы 40 000 таралыммен, Синтаксис. Екінші жылдық оқулығы. 92-бет, 1920 жылы 35 000 таралыммен жарық көрген. Бұл кітаптар Ұлттық кітапхананың Сирек қор бөлімінде 1-інші бөлімі – 3, 2-нші бөлімі – 2 санаулы данамен сақтаулы тұрғандығы анықталды. Аталған кітаптардың 1-1 данасы Алматы қаласындағы Республикалық кітап музейінде А.Байтұрсынұлына арналған «Ұлттымыздың бас баспағері» атты такта-бұрышына экспонат ретінде

қойылған. Осы басылымдар 1922 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына орай қайта басылым көрген деп тұжырым жасауға болады.

«Тіл – құрал» оқулығының алғашқы нұсқалары 1-нші, 2-нші жылдық Орынборда 1914 жылы, 1924 жылы екі кітап та қайтара басылғандығын, 1925 жылы осы оқулықтың 3-нші жылдық бөлімі жарық көрген. Кітаптың жалпы бөлімі 1. Фонетика яғни, Дыбыс жүйесі мен түрлері; 2. Этимология – Сөз жүйесі мен һәм түрлері; 3. Синтаксис – Сөйлем жүйесі мен түрлері. Жалпы, ғалым қаламынан шыққан кітаптардың, атап айтсақ «Оқу - құралының» 1-ші кітабы жеті рет, 2-сі алты рет, 3-сі жеті рет қайта-қайта басылым көрген. «Тіл – құралы» атты З бөлімді оқулығының да бір жылдың ішінде бірнеше рет басылым көргенін, бұл оқулықтардың тек мектептерде пән оқулығы ретінде ғана емес, жоғарғы оқу орындарында да үлкен сұраныста болып, қажетін өтегенін тілші-мамандардың зерттеулерінен байқауға болады.

Алаш арыстарын қеңес дәуіріндігі әдебиет айналып өтті деуге негіз жок. Өйткені, олар өз тұсында-ақ, қазақ деген ұлысты өз жерінде өгейсіткен алпауыттарға қарсы тұрған қаскөйлігімен, төл тілімізді өрге сүйреген жанкештілігімен, мейлі «халық жауы» деген қара таңба таңылғанына қарамастан, ел жадында өзгеше бір ыстық ықыласпен қалғаны анық. Ел іші, қазақ оқығандары олардың атын айналып өтуге мәжбүр болса да, еңбектерінің атынан да, затынан да қашпағанын, сол тұста және берегіректе жарық көрген қазақ ғалымдарының кейбір еңбектерінен кездестіруге болады.

Мәселен, ғалым-лингвист Қ.Жұбанов 1933 жылы алғаш жарияланған «Политехникалық мектеп» журналының №7-8 санындағы «Қазақ тілінің ғылыми курсы» материалында «Тіл – құрал» оқулығы туралы танымын былайша таратады: «Қазақ тілін зерттеушілердің алдын Ш.Уәлиханов деп, берігіректе А.Байтұрсынов, Қ.Кеменгеров, Е.Омаров, Т.Шонанов, Х.Досмұхамедов екендігінен мәлімет береді де, сол тұстағы қазақ тілін зерттеп танытуда А.Байтұрсынұлының дәрежесінен «әлі көш кейін жатырмыз», [13, 35 б.] - деп ғалымдарды сапалы жұмыс жасауға шақырады. Ғалым Қ.Жұбанов сол тұста айдауда жүрген қазақ оқығандарының ғылыми-мәдени жетістіктерін бұл «біздің занды мұраларымыз» деп қорғап, олардан бас тартуға болмайтынын, керісінше, олардың жетістіктерін қазақ қажетін өтейтін пайдалы мұралар деп қазақ тіл ғылымының қайнар бастауына араша болған.

Қазақ әліпбииңің жобасы талқыға түскен тұста да Қ.Жұбанов жаңа қазақ харпінің қалыптасуының арқауын араб жазуымен байланыстыра отырып, қарастырады. Қазақстан республикасы орталық мемлекеттік мұрағатының 81-қоры, 3-тізбе, 68-ісі 103-105 параптарында мынадай мәлімет бар: «...с 1912 г., когда впервые была выработана эта система и произошла реформа арабского алфавита, по 1930 г., когда арабский алфавит правительственным декретом был изъять, т.е., в течение 18 лет казахские слова писались по этой системе, причем никаких недостатков (...) Надо заметить, что отказ от этой системы принятием латинского алфавита произошел (...) по нажиму ученого совета ВЦКНА, а не по инициативе Казахстана».

Ғалымның шегелей айтқан бұл сөзі қазақ ұлтының өз жерінде, өз Отанында отырып әліппе таңдау еркі болмағанына жаңы ауырғанын, ашынған ызалы үнін көрсетеді. Тілтанушы Қ.Жұбанов қазақ әліпбійнің түзілу тарихын тереңдеп танытуда А.Байтұрсынұлына дейін де әліпби, жазу болғанын, ҮІ.Алтынсарин әліпби түзуді А.Байтұрсынұлынан үйренбекенін, дегенмен ағартушы-ғалым ҮІ.Алтынсарин жүйелеген әліпбиде кеткен кейбір «кемшіліктерді» түзегенін, сөйтіп ескі әліпбиді қазақ табиғатына бейімдей отырып, «қосар әріптерді жаңадан енгізді» деп қазақ ғылымының қалыптасуы мен даму сатысына сүзгі сараптама жасайды. Әліпбиге кірген соны жаңалықты құптаап, қабылдайды.

Белгілі әдебиетшілер Қ.Жұмалиев (1960), Б.Кенжебаевтың (1966) зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері А.Құнанбаев, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Майлин, І.Жансүгіров т.б. сынды алыптарымыздың шығармалары жайлы сын-зерттеулері ішінде кешегі «халық жауы» деп қаралған алаш ардагерлерінің де еңбектерін елеусіз ғана атап өтетін тұстар бар. Сол елеусіз иірімдердің сырына шолу жасап, оны бүгінгі тәуелсіз кезең әдебиеттану ғылымының танымына жаңаша пайыммен таразылауды ұсындық.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев туралы қаламгердің «Қазақтың бас ақыны» (1913) атты мақаласын әдебиеттану ғылымындағы тұнғыш теориялық зерттеу еңбек екенін әдебиет зерттеушілері жазып жүр. Абайдың оқырманы қандай болды деген сауалға көсемсөз шебері былай жауап береді: «...Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерді жазғанда мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар деп тайсақтап тартынбаған, хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған» [14]. Осы тұста ұлы ақын А.Құнанбаевтың «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген пайымы еске түседі.

Әдебиеттанудың негізін салушы А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегіндегі «Бунақ буындары» байыптамасында Абай өлеңдерінен жалғыз мін табады: «...өлең бунақтары тексеріліп, орнына қойылмағандық», [7, Б. 389-991] дейді. Бұл жөнінде ғалым Д.Қамзабекұлы: «ахметтанушылар мен поэзиятанушылар айтқан «мінді» көбіне айналып өтіп жүр. Біздіңше былай жасау Абайдың да, Ахметтің де мұрасына адалдық болып табылмайды» [15, 303 б.] - деп жазады.

Академик З.Қабдолов «Әдебиет танытқыш» – тұнғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы деп бағалап, бұл зерттеу еңбектің қадірі мен қасиетін, тарихи мәні мен маңызын «Ақаңның әдеби қисындары» деген мақаласында жан-жақты талдап берді. Және ғалымның бұл ғылыми зерттеу еңбегін Аристотельдің «Поэтикасымен» қатар қойып, бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы «әліпбилері» дейді. Әдебиеттанушы З.Қабдолов «...Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясының басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дene бола ма? Қайтейік, болады деп келдік...», [16, Б. 68-70] – деген пайым-тұжырымынан сол кезеңдегі ғылыми ортада қасақана қалыптасқан сыңаржақ пікірдің салдарынан аталған тұнғыш ғылыми зерттеуге әділетті бағалау болмағанын байқаймыз.

Зерттеуші «қисын» сөзін А.Байтұрсынұлы баламалаған «теория» сөзінің аудармасы деген ой айтады. Әрине, қазіргі жаңарған жетілген әдебиеттану ғылымында ғасыр басында ұсынылған кейбір терминдік атаулар (қисындар) бүгінгі ғылым талабымен үндесе қоймайтыны да рас. Бірақ, «Әдебиет танытқыштың» теориялық салмағын саралаған академик З.Қабдоловтың «Әдебиет танытқыштың» ең бір құнды жері деп, жекелеген әдеби-теориялық категориялардың шығу төркінін, олардың мән-мағыналық жүгін төл әдебиетіміздің өз ішінен тапқандығын дөп баса айтқан. Мәселен, әдебиеттегі Аристотель белгілеген негізгі жанр: «эпос, лирика, драма» сынды үш текті грек тілінен қазақ тілінде яғни, «эпосты – әуезе, лириканы – толғау, драманы – айтыс» деп жанрдың түрлеріне төл атау бергенін айтады.

Академик З.Ахметов әдебиеттанушы А.Байтұрсынұлының қазақ өлеңінің ырғақтық құрылымы-жүйесін айқындайтын өлең сөздің «бунак, тармақ, шумақ» сынды категорияларын қалыптастырғандығын жазған еді.

«Әдебиет танытқыш» туралы әдебиет-сыншысы Т.Кәкішев: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық» деп, бұл еңбекті қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» [17, Б. 210-211] деген қорытынды жасайды. Әдебиет-сыншы пайымынан (бұл оқулықтың – И.Р) авторы аталмаса да, зерттеу еңбектің қасақана «аластатылғанына» қарамастан әдебиет саласында жетекші, бас құрал болғанын көреміз.

««Әдебиет танытқыш» әдебиеттануды әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабактас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді», [12, 36 б.] - деп бағалайды Р.Нұрғалиұлы өз зерттеуінде. Және осы кітапты өзіне ұстазы профессор Б.Кенжебаевтың диссертациясына байғазы ретінде ұсынғанын айтады. Бұдан байқайтынымыз кеңес тұсындағы әдебиетші-ұстаздардың қолында «жасырын» болса да бұл тұңғыш ғылыми зерттеу еңбектің болғандығы. Әлбетте, заман ағымына қарай «Әдебиет танытқыштың» не өзін, не авторын дауыстап айта алмаса да, көзден таса жерлерде кітапқа құныға бас қойғандарын бүгінгі тәуелсіздік кезеңін ғалымдары апталық басылымдарда жазып жүр.

Әдебиетші-ғалым Ш.Елеуkenov «Сұлулыққа іңкәрлік» атты әдеби-сын зерттеу еңбегінде «Әдебиет танытқышты» «Әдебиеттану терминдері туралы тұңғыш сөздік» деп бағалайды. «Ештен кеш жақсы» демекші тұңғыш трактаттың бүгінгі әдебиеттану ғылымы тарапынан сараланып, бағалануы келешек үрпақ үшін керек екенін ұмытпағанымыз жөн.

Ахметтанушы А.Ісімақова әдебиет теоретиктері М.Бахтин мен А.Байтұрсынұлы шығармашылығының үндестігін зерттей келе, Ресей ғалымы 1970 жылы жазған әдебиеттану категорияларын XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы А.Байтұрсынұлының 44 жыл бұрын жазғандығын айтады.

Диссертациялық жұмыста ғалым өмірінің ең мағыналы күндері қазақ ұлтының өсіп-өркендеуі үшін, оның әліпбійн түрлеп-түзіп, қазақ мектебінің бет-бейнесі қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары мен мектептің жаңы мұғалімдер үшін нұскаулық кітаптар жазып, оны іс жүзіне асырып, қазақ санасының шамшырағы болғандығы нақты деректермен жүйелей берілді. Қазақ жұртының қалыптасып, дамып-өсуі үшін атқарған сан алуан тірліктің басында құрескер-тұлға жалғыз болған жок, әлбетте оның жаңында өзінің замандастары, үзенгілес шәкірттері және өсіп келе жатқан жас үрпақ болды.

Ғұмырында екі кезеңді басынан өткізген А.Байтұрсынұлы түрлі ортаның яғни, екі түрлі қоғамның қалыптасып, даму үрдісімен қатар өсті. Тарихи тұлғаның тағдыры талқыға түскен уақытта: «Мениң идеалым қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның иғілікті дамудың алғышарты болғандықтан мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» деп тергеуші сауалына жауап берген. Бұл жөнінде ҚР ҰҒА академигі К.Нұрпейіс былай дейді: «...Ахмет Байтұрсынұлы мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасасын (алаштық жүйе ме, кеңестік жүйе ме – бәрібір) ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңdap алды да, оларды туған елінің мұдделеріне сай шешу үшін еңбектенді» [10, 145 б.].

Қоғам және мемлекет қайраткерінің коммунистік партиядан шығып қалуы туралы «...партиядан 1921 жылғы тазалау барысында енжарлығым (пассивность) үшін шығып қалдым. Мениң енжарлығым ғылыми жұмысқа тереңдей берілгендейдікten және жалпы алғанда саясатқа аз көніл аударғанымнан көрінді» дейтін баянатынан білім-ғылымға ден қойған, қазақ ұлттық ғылымының іргетасын қалаушы ғалым-ағартушыны көреміз. Ағартушы-құрескер өзі айтқандай «Басқадан кем болмас біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген қағидасын іс жүзіне асыру мақсатында езілген елінің еңсесін көтеруге, халқының қатарынан кем болмауы үшін, алға кеткен ұлыстарды ұлғі етіп, оқу-ағарту ісін бірінші кезекке қойды. Оқуға керекті оқулықтарды жазуды саналы түрде мойнына алды, бар күш-жігерін «осы керектерге» жұмсады, сол үшін күресті. Осылайша А.Байтұрсынұлы ұлттық намыс пен ұлттық сезімді ұлттық санаға айналдырды. Ол атқарған ісімен айналасындағыларға шуағын шашты. Тіпті, патша тарапынан қудаланғаннан кейін 1914 жылы жазған «Губернатор өзгерілуі» атты мақаласында: «...Тройницкийге алғыстан басқа еш нәрсе айтпаймын. Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Орынборға қуylmas едім. ...осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабактан алты миллион қазакты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін» деген сөзі тұлғаның қазақ жұртының жұмысына бүтіндей берілгенін көрсетеді.

Корытындыда жоғарғы бөлімде қарастырылған мәселелерге негізгі түйіндер жасалынады.